

Біздің қазақ не зұлматты басынан өткермеді? Кешегі сталиндік жаппай жазалау кезінде халықтың бас көтерер азаматтарын қыл тұзаққа тізіп алып, атты, асты, ұзақ жылдық мерзімге соттады. Кейбірін «ит жеккенге» айдап, жігерін жасытпақ болды. Бірақ көзі ашық, көкірегі ояу қазақ азаматтарының көпшілігі бұл сынға темірдей төзіп бақты. Сондай қатал тағдырға мойымаған, қасқайып қарсы тұра білген ақын жерлесіміз, ғалым Бүркіт Ысқақов еді. Ол жазықсыз жапа шегіп, айдауда жүрсе де еліне деген ыстық ықыласын суытпай, жеріне деген жалынды жүрегін жасытпай тозақтың төрінен аман есен оралған соң ақындығын арттыра жүріп, ғылыми жұмыстарын одан әрі жалғыстырды.

Нұра ауданының Көкмөлдір ауылында туып ескен Бүркіт жастайынан қиялшыл, арманшыл болған екен. Зерек жас ел аузындағы қисса-дастандарды зейін қоя тыңдап, жаттап алып жүреді. Соның әсері болса керек, кейін өзі де өлең шығара бастайды. Оның ең алғашқы өлеңі «Ана туралы жыр» деп аталады. Одан соң «Қарағанды комсомолы» газетінде әртүрлі тақырыпқа жазған өлеңдері жарық көре бастайды. Сондай өлеңдердің бірі ақынның туған жерге арнағай «Көкмөлдір» деген жыры.

Бүркіттің шығармашылық өмірге кең құлаш ұруы 1940 жылы Қарағанды мұғалімдер институтына түсуінен басталады. Сол жылдары жазған өлеңдері «Советтік Қарағанды», «Қарағанды комсомолы» газеттерінде үзбей жарияланып тұрады да, оқуын бітірген соң 1942 жылы «Советтік Қарағанды» газетіне қызметке келеді. Сол жылы әскерге алынып, соғысқа аттанады. 1946 жылы еліне жеңіспен оралған жауынгер ақын еңбек жолын бұрынғы өзі істеген газетте жалғастырады да, көп ұзамай Алматыға барып, «Пионер», «Білім және еңбек» журналдарында, «Лениншіл жас» газетінде тілші,

бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы қызметтерін атқарады. 1948 жылы Қазақ мемлекеттік университетін бітіріп, Ғылым академиясының аспирантурасына түседі. Содан 1951 жылы жаппай қуғын-сүргін тұсында «Үкіметке қарсы үгіт жүргізіп жүр» деген жаламен жазықсыз жазаланып, 25 жылға бас еркінен айыруға кесіліп,

сетілді. Бүркіт Ысқақовтың Алматыдан әдейі келген жұбайы Қатипа Ысқақова кешті қызыға тамашалады. Кешке коммерциялық техникумның оқушылары, университеттің журналистика бөлімшесінің студенттері жиналыпты. «Еске алу» атты екінші бөлімде осы қауым алдында ақынның жерлестері, кезінде жаппай жа-

сондай көп партия болса ғой», — деп армандайтынды шығарды. Ақыры бір күні: «Таптым», — деп қуанып келді. «Бізде ЕСЕП партиясы болуы керек». «Ол не?» деп сұраймыз. «Ол — «Елін сүйген ерлер партиясы» деген сөз». Ақыры сол ЕСЕП біздің түбімізге жетті. «Бұлар халық жауы» деген айдар тағып, соттады да жіберді...

Бұдан кейін сөз алған Рамазан Нәресhev пен Оңайбек Құдышев та кептеген қызықты естеліктер айтты. Алақынның жұбайы, халық ағарту ісінің үздігі, еңбек ардагері Қатипа Ысқақова:

— Маған Бүркіт жар ғана емес, ұстаз да болды. Ол көп тіл білудің, орыс тілін үйренудің қажет екендігін үнемі айтып отыратын. «Бір тіл екінші тілге еш уақытта кедергі болмайды» дейтін, — деп естелік айта келе жиналған қауымға, кітапхана қызметкерлеріне зор алғыс сезімін білдірді.

Сол күнгі кеште жас өнерпаздар жұртты риза етті. Әдеби-музыкалық көркем композиция кезінде республикалық конкурстың лауреаты Ержан Сайдин «Теремұрат» күйін нәшіне келтіре орындаса, Айбол Құдайбергенов халық әнін әуелете шырқады.

Міне, осындай танымал ақын, қазақ, татар, башқұрт әдебиетіндегі туыстық байланысты зерттеген белгілі ғалым Бүркіт Ысқақовтың туғанына 70 жыл толуына арналған кеш тартымды да, мәнді етті. Сол кеште айтулы ақынды есте қалдыру мәселесі де сөз болмай қалған жоқ. Оған Қарағанды қаласында бір көшенің аты берілсе, туған жерінде бір мектеп ақынның атымен аталса деген сияқты пікірлер айтылды. Бұл пікірлер өте орынды.

Тағы бір айта кетеріміз, ақын және ғалым Бүркіт Ысқақовтың мерейлі тойына орай осындай кештер облысымыздың басқа да мәдени мекемелерінде, оқу орындарында өткізіліп жатыр.

Сүйіндік ЖАНЫСБАЙ

## ШЫНДЫҚ ҮШІН ШЫРЫЛДАҒАН

оған қосымша 5 жылға азаматтық құқынан айырылады. Сейтіп 27 жасар жігіт 30 жылдық жазаны арқалап кете барады.

«Душар боп бейнет сорыма, Көріне кез боп тағдырдың. Тұтқынның түсіп торына, Басыма бұғау салдырдым.

Болсам да қанша жазықты, Қайтуға бірақ сенемін. Өз елім таққан айыпты, Босатар тағы өз елім, — деп жырлаған «Үзілмей жібі үміттің» деген өлеңінде.

Сол өзі айтқандай, 1956 жылы толық ақталып, елге оралады. Содан Қазақ ССР Ғылым академиясының М. О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтында аға ғылыми қызметкер болып, 1991 жылы дүниеден өткенге шейін ұзақ жылдар бойы еңбек етті.

Міне. Бүркіт Ысқақовтың осындай өмірбаяны ақынға арналып жуырда М. О. Әуезов атындағы қалалық орталықтан дырылған жас өспірімдер кітапханасында өткен екі бөлімді кеште айтылды. Ол жәй ғана айтыла салған жоқ, «Шындық даусы» атты әдеби-музыкалы көркем композиция өтіп көр-

залауға бірге ұшырап, тар қапаста бірге отырған, қазіргі зейнеткерлер Махмет Теміров пен Рамазан Нәресhev, сондай-ақ облыстық тіл басқармасының бас маманы, философия ғылымының кандидаты Оңайбек Құдышев естеліктер айтты.

— Біз жасымыздан бірге өстік, — деді Махмет Теміров. — Жас кезімізде ауылдың балалары жиналып алып асық ойнап жатқан кезімізде Бүркіттің қолынан кітап түспейтін. Ақыры ол ақын болды, филология ғылымының кандндаты атанып, ғалым болды. Оның шын аты-жөні Бейісбек Томпақов болатын. Содан Сәбит Мұқановтың «Мөлдір махаббатының» оған унағаны сондай, сол кітаптың кейіпкерлеріне еліктеп, өзінің аты-жөні «Бүркіт Ысқақов» деп өзгертіп алды. Мені мұғалімдер институтына өзімен қоса ертіп келген де сол. Сонда оқып жүрген кезімізде бір күні Америкада неше партия бар екендігін сұрады. Біз білмейтіндігімізді айттық: «Білмейтін болсаңдар айтайын - онда оншақты партия бар», — деп өзі жауап берді. Содан кейін: «Бізде де